

Шар. № 19-10-57,1
23.05.23

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палата отырысының «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын талқылау қорытындысы бойынша ҰСЫНЫСТАРЫ

2023 жылғы 11 мамырда VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палатаның отырысы өтті.

Қоғамдық палатаның мүшелері «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының негізгі ережелерін талқылады.

ҚП мүшелерінің пікірінше, аталған заң жобасы одан әрі пысықтауды, жергілікті халықтың қоғамдық істер мен жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін басқаруға қатысуын егжей-тегжейлі жазуды, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы жүргізу нысаналарының аражігін ажыратуды талап етеді.

Азаматтардың құқықтық өрістегі санасының, құқықтық мәдениеті мен мінез-құлқының жоғары деңгейін қалыптастыру маңызды фактор болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқару реформасының түпкі нәтижесі халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатының артуы болуы тиіс

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата мыналарды **ҰСЫНУДЫ** орынды деп санайды:

Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті (бас комитет):

- заң жобасының кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын: «Осы Заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару лауазымды адамдарының құқықтық мәртебесін, жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржы-экономикалық негіздерін және оны жүзеге асырудың мемлекеттік кепілдіктерін айқындайды»;

- заң жобасының глоссарийінде «жергілікті өзін-өзі басқару» ұғымы мынадай редакцияда жазылсын: «Жергілікті өзін-өзі басқару – халықтың тікелей, сондай-ақ мәслихаттар мен басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары, халық топтары жинақы тұратын аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы лауазымды адамдары арқылы осы Заңда және өзге де нормативтік актілерде айқындалатын тәртіппен жүзеге асыратын, жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен және жергілікті қоғамдастықтың мүдделеріне орай дербес шешуге бағытталған қызмет»;

- заң жобасының глоссарийіне нормативтік-құқықтық акт ұғымы мынадай редакцияда енгізілсін: «Жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы нормативтік-құқықтық акт – муниципалдық референдумда жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді не өзге органы, жергілікті өзін-өзі басқарудың лауазымды адамы қабылдаған, құқық нормаларын белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, толықтыратын, тоқтататын немесе тоқтата тұратын, белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат» (1-нұсқа); «Жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы нормативтік-құқықтық акт – жергілікті қоғамдастық жиынында

кабылданған, құқық нормаларын белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, толықтыратын, тоқтататын немесе тоқтата тұратын, белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат» (2-нұсқа);

- «Кеңес актілері», «Әкімдік қаулылары», «Аудандық маңызы бар қала, ауылдар мен ауылдық округтер әкімінің шешімдері мен өкімдері» баптарын қамтитын «Жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы нормативтік-құқықтық актілер» тарауы «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңына сәйкес енгізілсін;

- кеңестердің құзыретінде олардың жергілікті референдумдарға немесе плебисциттерге бастама жасау құқығы көзделсін;

- осындай әкімшілік-аумақтық бөлінісі бар қалалардағы аудандардың мәслихаттарын қалыптастыру және сайлау туралы мәселе қаралсын;

- жергілікті өзін-өзі басқару субъектілерінің бюджеттерін (аудитін) бақылау нысандарын енгізу көзделсін;

- кеңестерді жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органдары ретінде халық жиындарында емес, бес жыл мерзімге сайлау (мәслихаттар сияқты) арқылы сайлау тетігі туралы мәселе қаралсын;


- қалаларда аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару енгізілсін (Қырғызстанның, Ресей Федерациясының үлгісі бар). Көп пәтерлі кондоминиумдар – бұл өзін-өзі басқарудың бастауыш ұйымдары, жергілікті өзін-өзі басқарудың төменгі құрылымы. Бұл аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқарудың бір бөлігі болуы мүмкін;

- Заңның глоссарийіне оның сандық және аумақтық өлшемдері, құзыреттері, құқықтары мен міндеттері көрсетіле отырып, «жергілікті қоғамдастық» ұғымы енгізілсін;

- ауылдық мәслихаттардың аудандық, облыстық мәслихаттармен өзара іс-қимыл тәртібі белгіленсін;

- әкімдіктерден жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіне берілетін өкілеттіктер мен функционалдың алдын ала аудиті жүргізіле отырып, олардың нақты тізбесі пысыкталсын.

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің жанындағы
Қоғамдық палатаның төрағасы

 **А. САРЫМ**